

"Менің Қазақстаным" арнайы поезының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 маусым N 854

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі:

1) Қосымшаға сәйкес "Менің Қазақстаным" Арнайы поезын (бұдан әрі - Арнайы поезды) жолға шығаруды ұйымдастырсын;

2) Арнайы поезд жұмысының бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі арнайы темір жол құрамын бөлуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі халық арасында консультациялық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін Арнайы поезд жұмысына білікті мамандардың қатысуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі халыққа медициналық консультация мен көмек көрсету үшін Арнайы поезд жұмысына білікті медициналық бригаданың қатысуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Арнайы поездың жол жүру бағытында қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етсін.

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Арнайы поездың іс-шараларын ұйымдастыру мен жүргізуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Арнайы

поезды жолға шығару жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізуге 62 000 000 (алпыс екі миллион) теңге бөлінсін.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 23 маусымдағы
N 854 қаулысына
қосымша

"Менің Қазақстаным" арнайы поезының жол жүру кестесі

Бағыт	!	Өткізу уақыты
батыс		2001 жылғы мамыр - маусым
солтүстік		2001 жылғы маусым - шілде
шығыс		2001 жылғы шілде - тамыз
оңтүстік		2001 жылғы қараша

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Жұманазарова А.Б.